



QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI

№36 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Ұлттық Банк отандық автоөнеркәсіпке қолдау көрсету үшін автокредиттеу бағдарламасына 20 млрд теңге бөлді

2019 жылғы 18 қазан

Алматы қ.

Отандық өндірістегі жеңіл автокөлікті сатып алушыларды кредиттеу бағдарламасында (Ұлттық Банк Басқармасының 2019 жылғы 31 мамырдағы № 79 қаулысымен бекітілген) жыл сайын 5 жыл ішінде (2019 – 2023 жылдар аралығында) 20 млрд теңгеге дейін бөлу көзделген.

Бұл Бағдарлама шеңберінде ағымдағы жылы «Қазақстанның Даму банкі» АҚ (ҚДБ) 20 млрд теңге сомаға қаржыландыру алды. Алынған қаражатты ҚДБ екінші деңгейдегі банктерге жеке тұлғаларды – отандық өндірістегі жеңіл автокөлікті сатып алушыларды кредиттеу үшін жібереді.

Сонымен бірге Ұлттық Банктің Бағдарламасы бойынша автокредиттеудің жеңілдік талаптары сақталғанын атап өткен маңызды. Мәселен, сыйақының номиналды мөлшерлемесі жылдық 4%-дан аспайды (жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – 7,5%-ға дейін), кредиттеу мерзімі – 7 жылдан аспайды. Отандық автомобильдің құны 15 млн теңгеден аспауға тиіс.

Толығырақ ақпаратты төмендегі белгіленген
телефон нөмірлері арқылы алуға болады:

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz